

«АТЫРАУ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫ» ЖШС БАСЫЛЫМЫ


# НОВАТОР

21 қазан  
2022 жыл  
ЖҰМА  
№ 21 (4509)

1948 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

WWW.ANPZ.KZ

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:



СОТРУДНИКИ АНПЗ ПРИНЯЛИ  
УЧАСТИЕ В АТЫРАУ MARATHON



ҰМЫТЫЛМАС ҰЛЫ ТҰЛҒА



## ҚҰРМЕТТІ ЗАУЫТТЫҚТАР!

Республика күні – Қазақстандағы ең маңызды мерекелердің бірі. Еліміз жеке республика атанған сәттен бастап дамудың жаңа жолына түсті. Қиындығы мен қуанышы алмасқан 30 жыл ішінде біз орасан белестерді бағындырдық. Мықты мемлекет, жаңа экономика мен біртұтас ұлт қалыптастырдық.

Қазір Қазақстан ұзақ жылдарға мемлекеттің даму бағытын айқындайтын тарихи таңдау алдында тұр. Бұл ретте әр азаматтың Отанымызды бағалап, оның көркеюіне ат салысуы маңызды.

Зауыт жұмысшыларының да Қазақстанды әлеуеті зор, экономикасы тұрақты елге айналдыруға үлес қосуы қажет. Ол үшін мұнайды өңдеу тереңдігі мен мұнай өнімдерінің көлемін арттыру, зиянды шығындыларды азайту арқылы қоршаған ортаны қорғау мен өмір сапасын жақсартуға бағытталған тапсырмаларды орындау маңызды. Зауыттың білікті жұмысшыларының арқасында аталған жоспарлардың орындалатындығына сенімдімін!

Баршаңызды мерекемен құттықтаймын! Отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, мақсаттарыңыздың орындалуын тілеймін!

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС бас директоры  
Мұрат ДОСМУРАТОВ

## УВАЖАЕМЫЕ ЗАВОДЧАНЕ!

День Республики – самый важный праздник в Казахстане, вместе с ним наша страна начала самостоятельное движение вперед. И каким бы сложным не был наш путь, за три десятка лет мы достигли серьезных успехов, которыми сегодня можно гордиться: сильное государство, новая экономика и единое общество.

Сейчас Казахстан ставит перед собой масштабные задачи, решение которых определит программу развития государства на долгий срок. Цените свою Родину, делайте все возможное, чтобы наша страна с каждым годом становилась успешнее.

Мы, работники завода, тоже можем и должны внести свой вклад в развитие страны, выполняя поставленные цели: увеличение глубины переработки нефти, повышение добавочной стоимости, увеличение производства нефтепродуктов в количестве, улучшая, тем самым, и собственное качество жизни. И я уверен, что у нас все получится, ведь в нашем коллективе собраны отзывчивые, талантливые и трудолюбивые сотрудники.

Я поздравляю всех вас с праздником и желаю здоровья, успешной реализации намеченных планов, мира, добра и благополучия.

Генеральный директор ТОО «АНПЗ»  
Мұрат ДОСМУРАТОВ

QAҒЫPSIZDIK

SAPA

TURAQTYLYQ



БЕЗОПАСНОСТЬ

КАЧЕСТВО

СТАБИЛЬНОСТЬ

МАРАПАТ

## АБЫРОЙЛЫ ҚЫЗМЕТКЕ – ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТ

Ағымдағы жылдың 4 қазанында ҚР кәсіподақтар күніне орай «АМӨЗ» ЖШС мәжіліс залында «Химия, мұнай химиясы және өнеркәсіптің туыстас салалары қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» бірлестігінің төрағасы Керім ПРИМҚҰЛОВ, «АМӨЗ» ЖШС кәсіподақ ұйымының төрағасы Ғалымжан АМАНТУРЛИН мінсіз еңбегі және кәсіподақтар қозғалысына қосқан үлесі үшін бір топ зауыттықтарды марапаттады.



Астана қаласынан арнайы келген Керім Примқұлов алғы сөзінде зауыттың бас директоры Мұрат ДОСМҰРАТОВ басқарған ұжымға табыс тіледі. Ол қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын қорғайтын кәсіподақтар ұйымы екенін және өнеркәсіптің одан әрі жетілуі ұйымның әлеуметтік жағынан дамуына мүмкіндік сыйлайтынын сөзге тиек етті.

Сонымен салалық кәсіподақ Құрмет грамотасымен мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін тереңдетіп күкіртсіздендіру өндірісінің технологиялық қондырғы операторы Ғалым Хамзаев, мұнайды тереңдетіп өңдеу өндірісінің технологиялық компрессорлар машинисі Артур Қалиев, жылу және электр энергиясын өңдеу өндірісінің химия зертханасының химиялық реактивтерді дайындау жөніндегі зертханашысы Ирина Джумаханова, мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін тереңдетіп күкіртсіздендіру өндірісінің технологиялық қондырғы операторы Андрей Горбунов, сондай-ақ зауыттың үздік техникалық инспекторы ретінде салалық кәсіподақ дипломымен Ернар Мұхамбетов марапатталды.

Марапаттау рәсімінде сөз алған Ғ. Амантурлин «Еліміздің мұнай-газ энергетика саласын дамытуға қосқан жеке үлесі және адал еңбегі үшін» М. Досмұратовты марапаттады. Күтпеген марапатқа ерекше ризашылығын білдірген М. Досмұратов кәсіподақ ұйымының маңыздылығын атап өтті: «Қызметкердің әлеуметтік жағдайын, қауіпсіздігін қамтамасыз етуде кәсіподақ ұйымы маңызды рөл атқарады. Осы тұста жұмыс орнына келетін әр қызметкердің өзін қауіпсіз әрі жайлы сезінуі маңызды».

Атырау мұнай өңдеу зауытының кәсіподақ ұйымының Құрмет грамоталарына «НефтеСтройСервис» ЖШС-нің электромонтері Руслан Калекенов, «КазТурбоРемонт» ЖШС-нің темір шебері Алтай Бигалиев, реагенттер мен газдар зертханасының химиялық талдау зертханашысы Қайрат Турекұлов, «Семсер өрт сөндіруші» ЖШС-нің

бөлімше командирі Жұман Мұқашев, IQS Engineering ЖШС-нің приборисі Сергей Епифанов, Enertek ЖШС-нің технологиялық қондырғы машинисі Анес Утеулиев ие болды. Мерекеге орай марапатталған қызметкерлерге 50 мың теңгеден қаржылай сыйақы қарастырылған.

Бұдан бөлек, ҚР кәсіподақтар күні қарсаңында Н. Жантурин атындағы облыстық филармония залында да мерекелік шара өткен еді. Айтулы шараға облыстық кәсіподақ ардагерлері, сала активі, қарапайым еңбек адамдары, мекеме басшылары, еңбек қорғау инспекторлары қатысты. Мерекелік шара барысында Атырау облысы кәсіподақтар бірлестігінің төрағасының м.а. Еділ ҰЗАҚБАЙ алғы сөзінде әлеуметтік, әділеттіліктің негізін қалаушы еңбек адамына жанашыр кәсіподақ қозғалысының қайраткерлері деп атап өтті.

Облыстық мәслихаттың өкілі Қоныс ҚАЙРАТ АМӨЗ кәсіподақ комитетінің мүшесі Сайын ҚУХАЕВҚА алғыс хат табыс етті.

– Зауытта қызмет еткеніме 29 жыл болды. Жылдың соңында зейнеткерлікке шығамын. Кәсіподақтар күніне орай алғаш рет алғыс хатты иелендім, қуаныштымын! Бұл құрметті ұзақ жылдар бойы жасаған еңбегімнің еленгені деп білемін, – деді С. Қухаев.

Сонымен қатар ҚР кәсіподақтар федерациясының құрмет грамотасымен АМӨЗ кәсіподақ комитетінің мүшелері Бахберген КУМАРОВ, Гүлжан КЕНЖЕҒАЛИЕВА марапатталды.

Бұл күн еңбекте оза шапқандарды ұлықтап, ерен ерлігімен танылған жандардың мерейін өсіресер сәт болса керек. Расында, игі бастамалардың ұйтқысы болып, әлеуметтік қатынастарды қалыптастырып жүрген кәсіподақ ұйымы әрқашан құрметке лайық.

Айдана ҚАНАТАЕВА  
Суретке түсірген  
Бейімбет АМАНТАЕВ

ДАТЫ

## ЛЮДИ И ЦИФРЫ

Значимость бухгалтерской службы переоценить трудно не только в пределах одного предприятия, но и для всей экономики страны. Зарплаты, налоги, контроль над экономным использованием ресурсов, сохранность собственности предприятия – и это ещё не всё, чем занимаются в бухгалтерии.



Расхожая фраза про дебет с кредитом в моем устном поздравлении с профессиональным праздником вызывает улыбку главного бухгалтера АНПЗ Ардак САДВОКАСОВОЙ:

– Прошлый век. Вы еще про счёты вспомните. Современные технологии вошли в нашу профессию точно так же, как и в любую другую. Бухгалтер сегодня – это не просто экономист, но и юрист, и даже немного программист, в общем современный человек, шагающий нога в ногу с прогрессом.

АНПЗ – сложный механизм, крупная компания с массой внешних пользователей – акционер, инвесторы, которых интересует финансовая отчетность АНПЗ. К тому же завод – один из крупных плательщиков и налогоплательщиков Атырау и Атырауской области. И финансовая «жизнь» такого предприятия всегда под пристальным вниманием.

– Вовремя и без замечаний сдать финансовую отчетность, получить заключение аудиторов – высокое достижение бухгалтерии, да и всего коллектива. Это результат годового труда, – рассказывает Ардак

Муқанбеткалиевна.

В команде бухгалтеров АНПЗ – сертифицированные специалисты, все с высшим образованием. Они стараются быть еще более открытыми новым бизнес-процессам: команда заточена на получение сертификатов ассоциации бухгалтеров АССА. Это не только требование акционеров, но и веление времени.

– Обучаемся онлайн, стараемся привлечь компании, которые могут дать нам качественное обучение. Помимо этого, постоянно требуется изучение нового программного обеспечения, новой нормативной и законодательной документации. Мы развиваемся, и любое промедление в этом непрерывном развитии можно расценивать, как отставание, – считает Ардак Садвокасова.

Эта хрупкая, но волевая и целеустремленная женщина ведет за собой коллектив из 28 человек уже 4 года. Она любит завод – такое мощное предприятие с историей, гордится его успехами, подробно рассказывает о продуктах, которые тут производят, о планах завода, и верит, что всё у нас получится.

– А наша служба, это крепкая команда, и она обеспечит финансовое здоровье организации, не сомневайтесь, – заверяет Ардак Муқанбеткалиевна.

Ирина КОЗОНОВА



Фото Бейімбет АМАНТАЕВА

МАҢЫЗДЫ

## ЕЛОРДАДА АМАНАТ ПАРТИЯСЫНЫҢ XXIV СЪЕЗІ ӨТТІ

Елордада Amanat партиясының кезектен тыс XXIV съезі өтті. Іс-шараға аймақтардан 700 делегат келді. Жалпы жиынға 1200-ден астам адам қатысты. Бірінші кезекте алдағы президент сайлауына партиядан кандидат ұсыну мәселесі қаралды.

Аманат партиясының төрағасы Ерлан ҚОШАНОВ партияның делегаттары бірауыздан Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ кандидатурасын ұсынатындығын атап өтті: «Қазіргі әлемдегі күрделі жағдайда бізге ең әуелі мемлекеттік жауапкершілікті терең сезінетін тұлға қажет. Ауқымды өзгерістер өзінің заңды жалғасын табуы тиіс. Ал мемлекет алдында тұрған ұлы мақсат-мұраттарға қол жеткізу үшін бізге лайықты көшбасшы керек. Сондықтан президенттікке үміткер ретінде Қасым-Жомарт Тоқаевты ұсынамын».

Атырау облысының делегаты ретінде «АМӨЗ» ЖШС бастауыш партия ұйымының төрайымы Бақыт ӨТЕБАЛЫ съезге қатысқан болатын. – Біздің барлық шараларымыз ел алдында әділетті өтуі тиіс. Сондықтан мемлекетімізде әділ әрі мықты басшы болғаны абзал. Осы тұста Қ. Тоқаевты лайықты кандидат деп санаймын.

Сонымен қатар бұл күні Қ. Тоқаевты қолдау мақсатында Халықтық Коалицияның форумы өткен болатын. Бірнеше республикалық қоғамдық бірлестік Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевты ҚР Президенттігіне кандидат ретінде ұсыну туралы шешім қабылдаған.

Қ. Тоқаев Халықтық Коалицияның ұсынысын қабылдап, кандидат ретінде Президенттік сайлауға түсуге келісімін берді: «Біз жаңа саяси дәуірге қадам бастық. 20 қарашада кезектен тыс Президент сайлауы өтеді. Бұл – болашақ даму бағдарымызды айқындайтын аса маңызды науқан. Мен бұған дейін Мемлекет басшысы ешбір партияға басымдық бермей, саяси тұрғыда бейтарап болу қажеттігін айттым. Осы ұстанымым өзгермейді. Баршаңыз ұсынған ортақ кандидат ретінде президент сайлауына түсу – мен үшін зор мәртебе және үлкен жауапкершілік».

Айдана ҚАНАТАЕВА

СПОРТ

# СОТРУДНИКИ АНПЗ ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ В АТҰРАУ MARATHON

Вместе с другими жителями города заводчане участвовали в марафоне, посвященном празднованию Дня города.

Беговая культура активно развивается в Атырау в последние годы, и прошедшее спортивное мероприятие также направлено на популяризацию бегового движения. В массовом забеге на дистанциях 42,5 км, 21,2 км, 10 км и 5 км участвовали 1 200 бегунов из Атырау, Уральска, Актау и других городов страны.

Сотрудники АНПЗ – любители бега тоже приняли участие в городском марафоне на разные дистанции.

**Инженер отдела по отгрузке, транспортировке нефтепродуктов и работе с давальцами Султанбек ПАНГЕРЕЕВ:**

– На дистанции 10 км я пришел 88-м из 360 участников. Вообще, впервые в забеге я участвовал в сентябре этого года, это был заводской кросс. За неделю стал готовиться, ежедневно пробегал 5 километров. В итоге на кроссе получил неплохой результат. Спорт в моей жизни был всегда, играл в футбол, сейчас занимаюсь волейболом. Но мне стало любопытно испытать свою выносливость на длинной дистанции. Когда узнал о городском марафоне, решил бежать. В течение 20 дней тренировался, сначала короткими шагами пробега 5 километров, потом постепенно увеличивал дистанцию до 7-8, а последнюю неделю стабильно бегал 10 км и даже чуть больше. Пока тренировался, следил за темпом, временем, остановками, скоростью своего бега. Во время марафона удивился, что в массовом забеге удастся держать более высокий



тем, чем в одиночном – конкуренция, видимо, не дает расслабиться. Результат меня порадовал: на финише я показал лучшее время, чем на тренировках. Еще я сделал для себя вывод, что выход за собственные рамки позволяет почувствовать свои силы и возможности, бег и аэробные упражнения помогают управлять стрессовыми ситуациями и расслабляют после тяжелого трудового дня.

Помимо Султанбека покорять разные дистанции пробовали начальник отдела корпоративного финансирования и инвестиций Марат ИСКАКОВ, оператор технологической установки ПКнС Асет МЕЙРБЕК и инженер ППД

**Марина ЯШКОВА.**

– В забеге такого масштаба я участвовала впервые, раньше были только заводские соревнования и спартакиады. Бежать марафон меня «подбила» подруга, – рассказывает Марина. – Я была впечатлена размахом и организацией мероприятия, всё отработано до мелочей – от регистрации до завершения марафона: памятки, баннеры с именами участников, сцена, ведущие, ди-джеи, инструкторы, волонтеры, которые оказывали помощь на протяжении всей дистанции, и многое другое. Перед началом забега провели ошеломительную танцевальную разминку. Я выбрала минимальную дистанцию, хотя ежедневно бегаю по 10 км. Из 187 участников я пришла второй, заняла II место в своей возрастной категории и очень довольна результатом. В качестве группы поддержки со мной бежала 12-летняя дочь Верочка, так что медаль и грамота это и ее заслуга тоже.

Польза бега – не только в стройных ногах, медалях с забегов и красивых селфи. Регулярные занятия бегом влияют на нашу физиологию, мышление и самооценку. Все участники марафона призывают своих



коллег-заводчан заниматься спортом – плаванием, боксом, легкой атлетикой, «качать» железо в зале – не важно, ведь движение защищает иммунную систему, продлевает жизнь, делает ее более комфортной.

– Я давно и профессионально занимаюсь кикбоксом, имею много наград и спортивных регалий: обладатель Кубка Мира, чемпион РК, финалист чемпионата Азии, многократный чемпион международных турниров. То есть я не бегун, а в марафонах меня заставляют участвовать собственные амбиции, – смеется Асет Мейрбек. – Специально к забегу я не готовился, просто решил бежать сразу на две дистанции – 5 и 42,5 км. Прошел их спокойно, мест никаких не занял – не ставил победу целью в этот раз, только участие.

Поздравляем наших коллег – участников марафона и желаем новых побед!



<p><b>ДЛЯ ПОДДЕРЖАНИЯ ЗДОРОВЬЯ ПЕРЕДВИГАЙТЕСЬ ПО ЛЕСТНИЦАМ</b></p> <p>ЧТО ЭТО ДАЕТ? УЛУЧШАЕТ СОСТОЯНИЕ ЗДОРОВЬЯ</p> <p>15 МИНУТНАЯ ХОДЬБА ПО ЛЕСТНИЦЕ</p> <p>ЭКВИВАЛЕНТНА 30 МИНУТНОЙ ПРОБЕЖКЕ</p> <p>ПЕРЕДВИЖЕНИЕ ПО ЛЕСТНИЦЕ ЧАСТО БЫВАЕТ БЫСТРЕЕ, ЧЕМ ЖДАТЬ ЛИФТ</p> <p>ПРИ ПЕРЕДВИЖЕНИИ ПО ЛЕСТНИЦЕ СОБЛЮДАЙТЕ БЕЗОПАСНОЕ РАССТОЯНИЕ МЕЖДУ СОБОЙ (В СТУПЕНЕК), ДЕРЖАСЬ ПО ПРАВОЙ СТОРОНЕ; ВСЕГДА ДЕРЖИТЕСЬ ЗА ПОРЯЧКИ; НЕ ТОРОПИТЕСЬ И НЕ ПРЫГАЙТЕ ЧЕРЕЗ СТУПЕНИ.</p>	<p><b>ХОДЬБА ПО ЛЕСТНИЦЕ – ЭФФЕКТИВНАЯ КАРДИОТРЕНИРОВКА</b></p> <p>ХОДЬБА ПО ЛЕСТНИЦЕ ПРИЗНАЕТСЯ ЭФФЕКТИВНОЙ КАРДИОТРЕНИРОВКОЙ, КОТОРАЯ УКРЕПЛЯЕТ МЫШЦЫ СЕРДЦА.</p> <p>ПОДЪЕМЫ И СПУСКИ ПО ЛЕСТНИЦЕ УКРЕПЛЯЮТ МЫШЦЫ БЕДЕР, ИКР, СПИНЫ</p> <p>БОЛЬШЕ ДВИГАЙТЕСЬ МЕНЬШЕ СИДИТЕ</p> <p>ПРИ ПЕРЕДВИЖЕНИИ ПО ЛЕСТНИЦЕ НЕ ПОЛЬЗУЙТЕСЬ МОБИЛЬНЫМИ УСТРОЙСТВАМИ И НЕ ОТВЛЕКАЙТЕСЬ НА ПОСТОРОННИЕ ДЕЛА; СЛЕДИТЕ ЗА СОСТОЯНИЕМ ОБУВИ! ШНУРКИ, ВЫСОКИЙ КАБЛУК, НЕУСТОЙЧИВАЯ ПОДОШВА И ПРОЧИЕ ЭЛЕМЕНТЫ МОГУТ СТАТЬ ПРИЧИНАМИ ПАДЕНИЙ, ПОСКОЛЬЗЫВАНИЙ И СПОТЫКАНИЙ!</p>	<p><b>ХОДЬБА ПО ЛЕСТНИЦАМ СПОСОБСТВУЕТ СНИЖЕНИЮ ВЕСА</b></p> <p>ДО 750 КАКАЛ СЖИГАЕТСЯ ПРИ ПОДЪЕМЕ ПО ЛЕСТНИЦЕ</p> <p>30 МИНУТ РЕГУЛЯРНОЙ ХОДЬБЫ СПОСОБСТВУЕТ СНИЖЕНИЮ ВЕСА</p> <p>ПОДЪЕМЫ И СПУСКИ ПО ЛЕСТНИЦЕ УЛУЧШАЮТ ОБМЕН ВЕЩЕСТВ И НАБОР МЫШЕЧНОЙ МАССЫ</p> <p>ПРИ ПЕРЕДВИЖЕНИИ ПО ЛЕСТНИЦЕ БУДЬТЕ ВНИМАТЕЛЬНЫМИ, СМОТРИТЕ ПОД НОГИ; СЛЕДИТЕ ЗА СОСТОЯНИЕМ ЭЛЕМЕНТОВ СТУПЕНЕК; ОБО ВСЕХ НЕИСПРАВНОСТЯХ СООБЩАЙТЕ В СЕРВИСНУЮ СЛУЖБУ.</p>	<p><b>ПОЛЬЗА РЕГУЛЯРНЫХ ПОДЪЕМОВ ПО ЛЕСТНИЦАМ</b></p> <p>8 МИНУТ В ДЕНЬ ХОДЬБЫ ПО ЛЕСТНИЦАМ СПОСОБСТВУЕТ УЛУЧШЕНИЮ ТВОРЧЕСКОЙ И ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ</p> <p>ИНТЕРВАЛЬНАЯ ХОДЬБА ПО ЛЕСТНИЦАМ МОЖЕТ ПОМОЧЬ СНИЗИТЬ КРОВЯНОЕ ДАВЛЕНИЕ И ИЗБАВИТ ВАС ОТ ОДЫШКИ</p> <p>ХОДЬБА ПО ЛЕСТНИЦАМ СНИЖАЕТ УТОМЛЯЕМОСТЬ И ПОВЫШАЕТ ОБЩУЮ ВЫНОСЛИВОСТЬ ОРГАНИЗМА</p> <p>БУДЬТЕ ОСТОРОЖНЫ НА ЛЕСТНИЧНОЙ ПЛОЩАДКЕ ВО ВРЕМЯ ПРОВОДИМЫХ СЕРВИСНЫХ ИЛИ РЕМОНТНЫХ РАБОТ; НЕ ПЕРЕНОСИТЕ ПО ЛЕСТНИЦЕ ТЯЖЕЛЫЕ ИЛИ КРУПНОГАБАРИТНЫЕ ПРЕДМЕТЫ.</p>
---	--	--	---

## ПОЛЬЗА РЕГУЛЯРНОЙ ХОДЬБЫ ПО ЛЕСТНИЦАМ

**ПОЛЬЗА ХОДЬБЫ ПО ЛЕСТНИЦАМ**

ХОДЬБА ПО ЛЕСТНИЦАМ БОЛЕЕ ИНТЕНСИВНА, ЧЕМ ХОДЬБА ПО РОВНОЙ ПОВЕРХНОСТИ

ЕСТЕСТВЕННЫМ ОБРАЗОМ УЛУЧШАЕТСЯ ОСАНКА

КАКИЕ МЫШЦЫ РАБОТАЮТ ПРИ ХОДЬБЕ ПО ЛЕСТНИЦАМ

ЧЕТЫРЕХГЛАВАЯ МЫШЦА БЕДРА (КВАДРИЦЕПС)

БОЛЬШАЯ ЯГОДИЧНАЯ МЫШЦА

ДВУГЛАВАЯ МЫШЦА БЕДРА

ИКРОНОЖНЫЕ МЫШЦЫ

ОПАСНОСТЬ ПАДЕНИЯ С ЛЕСТНИЦЫ

ПРИ ПЕРЕДВИЖЕНИИ ПО ЛЕСТНИЦЕ НЕ ЧИТАЙТЕ И НЕ ПОЛЬЗУЙТЕСЬ МОБИЛЬНЫМИ УСТРОЙСТВАМИ; ПРИ ПЕРЕДВИЖЕНИИ ПО ЛЕСТНИЦЕ НЕ ДЕРЖИТЕ РУКИ В КАРМАНАХ; СЛЕДИТЕ ЗА ОДЕЖДОЙ, ЧТОБЫ ОНА НЕ ЦЕПИЛАСЬ ЗА ОБУВЬ.

**ПОЛЬЗА РЕГУЛЯРНОЙ ХОДЬБЫ ПО ЛЕСТНИЦАМ**

ЛЮБЫЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ ШАГИ, КОТОРЫЕ ВЫ ДЕЛАЕТЕ КАЖДЫЙ ДЕНЬ, БУДУТ ПОЛЕЗНЫ ДЛЯ ВАШЕГО ЗДОРОВЬЯ

ПОДЪЕМЫ ПО ЛЕСТНИЦЕ СНИЖАЮТ РИСК ИНСУЛЬТА

РЕГУЛЯРНАЯ ХОДЬБА СНИЖАЕТ НАГРУЗКУ НА ЗРЕНИЕ

ВО ВРЕМЯ ХОДЬБЫ ПО ЛЕСТНИЦЕ РАЗРАБАТЫВАЮТСЯ И УВЕЛИЧИВАЮТСЯ В ОБЪЕМЕ ЛЕГКИЕ

**ЗНАКИ И ТАБЛИЧКИ**

ОПАСНОСТЬ ПАДЕНИЯ С ЛЕСТНИЦЫ

СКОЛДНИ ПОД НОГИ

ВЫСОКИЙ РИСК НЕУСТОЙЧИВОСТИ

ОСТОРОЖНО! СКОЛЬЗКО

ОСТОРОЖНО! МОКРЫЙ ПОЛ

ПРИ ВХОДЕ НА ЛЕСТНИЧНУЮ ПЛОЩАДКУ ПРОТИРАЙТЕ ПОДОШВУ ОБУВИ; ОБРАЩАЙТЕ ВНИМАНИЕ НА ПРЕДУПРЕЖДАЮЩИЕ ТАБЛИЧКИ И ЗНАКИ; БУДЬТЕ ОСТОРОЖНЫ ПРИ ПЕРЕНОСЕ ЖИДКОСТИ ПО ЛЕСТНИЦАМ.

**ПОЛЬЗА РЕГУЛЯРНОЙ ХОДЬБЫ ПО ЛЕСТНИЦАМ**

ЭФФЕКТ ФИЗИЧЕСКИХ РАЗМИНОК УВЕЛИЧИВАЕТСЯ ПРИ ДВИЖЕНИИ ПО ЛЕСТНИЦЕ ВВЕРХ

УЛУЧШАЕТСЯ ОБЩЕЕ САМОЧУВСТВИЕ

НА 33% СНИЖАЕТСЯ РИСК СЕРДЕЧНО-СОСУДИСТЫХ ЗАБОЛЕВАНИЙ

НОРМАЛИЗУЕТСЯ ДАВЛЕНИЕ

РАЗВИВАЮТСЯ СУСТАВЫ НОГ

ИСПОЛЬЗУЙТЕ НАТУРАЛЬНЫЕ ПРОДУКТЫ

ПЕЙТЕ БОЛЬШЕ ВОДЫ

ВЕДИТЕ АКТИВНЫЙ ОБРАЗ ЖИЗНИ

СЛЕДИТЕ ЗА СОБСТВЕННЫМ ВЕСОМ

НЕ ТОРОПИТЕСЬ ПРИ ПЕРЕДВИЖЕНИИ ПО ЛЕСТНИЦЕ. ЭТО МОЖЕТ ДАТЬ ДОПОЛНИТЕЛЬНУЮ НАГРУЗКУ НА СУСТАВЫ; ОБО ВСЕХ СЛУЧАЯХ ТРАВМИРОВАНИЯ НЕЗАМЕДЛИТЕЛЬНО ОБРАЩАЙТЕСЬ ЗА МЕДИЦИНСКОЙ ПОМОЩЬЮ.



## ҰМЫТЫЛМАС ҰЛЫ ТҰЛҒА

**Атырау қалалық орталықтандырылған кітапханасында ҚР мұнай-газ және энергетика саласын дамытуға үлесін қосқан еңбек ардагері Қанат ҚАБДЕНОВТЫ еске алу және оның «Ақ жайықтан қанат қаққан» атты кітабының тұсаукесері өтті.**

Алдымен қазақ мұнай өңдеу саласының қара шаңырағы Атырау мұнай өңдеу зауытында өзіндік ізін қалдырған мұнайшымыздың өмірін баяндап өтейік. Қанат Қабденов 1949 жылы 28 мамырда Батыс Қазақстан облысы Орда ауданында дүниеге келді. 1970-1975 жылдары Шымкент қаласындағы Қазақ химия-технология институтында білім алды. 1975 жылы жолдамамен Атырау мұнай өңдеу зауытына келіп, еңбек жолын оператор болып бастап кейін №1 цех басшысының орынбасары, басшысы лауазымына тағайындалды.

Алайда, 1980-1992 жылдары Гурьев облыстық партия комитетінің шешімімен Қазақстан Компартиясы облыстық партия комитетінде, қалалық халық депутаттары кеңесінің атқару комитетінде т.б. қызметтерде басшылық қызметтерін атқарды.

Еліміз егемендік алған тұста Атырау мұнай өңдеу зауытына қайта оралып, ары қарай мансабын жалғастырды. АМӨЗ-де бас директордың тұрмыс

жөніндегі орынбасары, әлеуметтік мәселелер жөніндегі вице-президент, бас директордың әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары, бас директордың жалпы мәселелер және кадрлар жөніндегі орынбасары, 2013 жылдан бастап кадрлар жөніндегі басқарушы директор – аппарат жетекшісі лауазымдарын атқарды.

2016 жылы зауыт ұжымы оны бірауыздан кәсіподақ ұйымының төрағасы қызметіне тағайындады.

Қанат Қабденовты әрқашан кәсіпқойлықтың жоғары деңгейімен, көшбасшылық қасиеттерімен ерекшеленді. Еңбек ұжымының мүдделерін қорғауға, кадр саясатына және кәсіпорындағы жұмысшылар үшін әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасауға, зауыттың жас мамандары мен ардагерлерін қолдау мәселелеріне ерекше назар аударды.

Қ. Қабденовтың еңбегін мемлекет жоғары бағалады. Ол ордендермен, медальдармен және грамоталармен марапатталды.

Енді, міне, еңбегі, өнеркәсіптің

дамуына қосқан үлесі мен белсенді қоғамдық жұмыстары елеусіз қалмай осы презентацияда әріптестері, жақындары және жолдастары бас қосты. Ардагердің өмірі баяндалған «Ақ жайықтан қанат қаққан» атты кітаптың авторы Марияш САТИМОВА оның талай шәкірттерге тәлімгер екенін жеткізді:

– Қанат Қабденовты орны бөлек ел ағасы деп білемін. Елге танылған тұлғаларды жастар білуге тиісті. Сондықтан тарихи тұлғалардың өмірі кітапханаларда, білім орталықтарында көбірек баяндалса деймін. Бұл кітапта кейіпкеріміздің өмірі және ол туралы әріптес, жолдас, жақындарының ойлары жазылған. Сонымен қатар Қанат Қабденовтың рухына арнау, оның жүрегіне үндес деп ұнатып оқитын Мұқағалидың жырлары да бар. Әрине, бұл кітапты шығару оңай болмады. Осы тұста уақытында сұхбатыма жауап беріп, кітаптың мазмұнды әрі толыққанды болып шығуына ат салысқан жақындарына, әріптестеріне алғыс білдіремін.

Еңбек ардагері, әріптесі Мендіғали САППАЕВТЫҢ кітапта жазылған сөзінен: «Ол екеуіміз жоғары оқу орнын бітірген соң, жолдамамен сол кездегі Гурьев қаласына келген едік. Мен химия зауытынан, ол Гурьев мұнай өңдеу зауытынан еңбек жолымызды қатар бастадық. Сол кезде зауыттар аз, ұлттық инженер кадрлар тапшы еді. Басшылық орындарда ұлты қазақ басшылар бірен-саран болатын. Қалада Гурьев мұнай өңдеу зауыты мен химия зауытынан басқа ірі өндіріс ошақтары жоқ. Содан да болар қаладан келген қонақтар осы кәсіпорынға келетін. Делегацияларды Қанат басқарып жүретін. Ол мінезі жайлы, тез тіл табысатын, ешқашан ешкімге дауыс көтермейтін, зауытта өтетін шараларға үзбей қатысатын жан болды. Зауыттықтар оны ерекше құрметтейтін, ол рухы мықты азамат болған еді».

Біздің бүгінгі күнге жетуіміз осындай еңбек ардагерлерінің арқасы. Сондықтан біз-жастар азаматтық парызын адал орындаған жандарды үлгі тұтуға міндеттіміз.

Айдана ҚАНАТАЕВА  
Суретке түсірген Бейімбет АМАНТАЕВ

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Ағымдағы жылдың 1 қазанынан бастап зауыт басқармасы мен орталық аппарат қызметкерлерін жұмыс орнына дейін жеткізу және кері тасымалдау үшін «ш/а Нұрсая – Самал ш/а Нұрсая-3 (А, Б)» арқылы өтетін жаңа жолаушылар автобусы іске қосылды.

Жұмыс режимі – 5 күн.

\*\*\*

С 1 октября для развозки работников заводоуправления и центрального аппарата до места работы и обратно запущен новый автобусный маршрут «мкр. Нурсая – через мкр. Самал – мкр. Нурсая-3 (А, Б)».

Режим работы –  
пятидневный.



Коллектив ПИТН выражает глубокие соболезнования начальнику участка отгрузки нефтепродуктов Айгуль Джантлековой и начальнику смены Тимуру Куантырову в связи с кончиной

матерей.

## ГРИПП

# ПРОФИЛАКТИКА ГРИППА – ЛУЧШЕЕ РЕШЕНИЕ

**Служба БиОТ совместно с здравпунктом завода «Медикер» проводят разъяснительную работу о необходимости вакцинации против сезонного гриппа.**

С 4 октября начата сезонная кампания по вакцинированию, в этом году привиться можно препаратом российского производства. Получить вакцину может любой работник завода, в том числе сотрудники подрядных компаний.

Врач-терапевт здравпункта «Медикер» Клара СУХАНБЕРДИЕВА и представители службы БиОТ посещают производственные установки – для информирования коллективов с постановлением областной санэпидстанции об иммунизации населения и чтобы заводчане могли получить необходимую информацию о вакцине, составе, реакции организма на

прививку.

– Хотя в Атырау и области растет заболеваемость ОРЗ и другими сезонными заболеваниями, у нас на заводе, не в последнюю очередь благодаря вакцинации, ни одного случая заражения вирусом гриппа пока не зарегистрировано. Мы уверены, что заводчане оценивают все риски, понимают важность сохранения коллективного иммунитета и здоровья своих близких, потому что в день, бывает, в прививочный кабинет приходят до 50 человек, – говорит специалист по гигиене и санитарии Гульрайзуз КОНЫРОВА.

Всего на 14 октября прививку от гриппа получили 325 сотрудников АНПЗ.



**В здравпункте ежедневно с 8.00 до 17.00 (кроме субботы и воскресенья) работники завода могут получить вакцину против вируса гриппа (гриппол плюс, пр-во Россия). При себе необходимо иметь карточку медстрахования. Получив вакцину от гриппа, вы защитите не только себя, но и своих близких.**

«НОВАТОР» басылымы  
№21. 21 қазан 2022 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:  
060001, Атырау қ.,  
«АМӨЗ» ЖШС, З.Қабдолов к-сі,1  
тел.: 25-97-71, тел.факс: 25-96-75

Газет «Print House Gerona» ЖШС  
баспаханасында басылды.  
Алматы қ, Помяловский к-сі,  
29 «А»/1. Тел: 398-94-59,  
250-47-40, 398-94-60; ф.250-47-39  
Тиражи 1200 дана  
Тапсырыс № 1707

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ  
бастығы – Ш.Какимжанова  
«MEDYAGROUP» ЖК:  
жетекшісі – Д.Мұхамбетов  
редакторлар – И.Козонова,  
А.Қанатаева.

Газет  
Қазақстан Республикасының  
баспасөз және бұқаралық  
ақпарат министрлігінде  
1992 жылғы 27 мамырда  
тіркеліп, тіркеу туралы  
№790 күәлігі берілген

Газет редакциясы жарнама  
материалдары мен хабарландырулар,  
құттықтаулар және көңіл айту  
мазмұнына жауап бермейді.

# НОВАТОР